

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

2020-2021 оқу жылындағы кезекті оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінің қаулылары №2

14.10.2020 ж. №2

Шымкент қ.

Өткізілген орны: 236

Өткізілетін уақыты: 2020 жылдың 14 қазаны, сағат 15:00

Кеңес мүшелері: 33

Қатысқандар: 33 келмегендер: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Күзгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлерін талқылау және бекіту.

Спикер: Тіркеу бөлімінің басшысы Е.Ж. Махашов

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі басшысы Қ.С. Мамаев

Тест орталығының басшысы - Ж.К.Кожамбердиева

2. Универ жүйесіндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын талқылау

Спикер: Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру

бөлімінің басшысы А.Е. Айтбаева

3. 2020-2021 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесін бекіту

Спикер: Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы Д.Т. Бердалиев

4. Әр түрлі мәселелер

4.1 2020-2021 оқу жылында педагогикалық білімі жоқ тұлғаларды қайта даярлау үшін білім беру бағдарламаларын қарап, Ғылыми кеңеске бекітілуге ұсыну туралы

4.2 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

Спикер: Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру

бөлімінің басшысы А.Е. Айтбаева

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ОӘК ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1.1. Күзгі семестрде өтетін пәндердің қорытынды бақылау түрлерін талқылау мәлімет есепке алынсын.

1.2. Екінші межелік бақылауда және емтиханда атауы бір пәндер бойынша қорытынды бақылау түрлері бірдей жасалынсын.

1.3. Межелік бақылаулар мен емтиханда студенттердің оқу жетістіктері мен білім деңгейін бағалау мақсатында құрастырылатын тесттік тапсырмалардың үлгісі және межелік бақылауға және емтиханға жасалатын тест тапсырмаларының саны бекітілсін

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ОӘК ШЕШІМ ЕТЕДІ:

2. Универ жүйесіндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын талқылау мәліметі есепке алынсын. 2020-2021 оқу жылында «Univer 2.0» жүйесіне күзгі семестріндегі пәндердің оқу-әдістемелік кешенін жүктемеген оқытушылармен жұмыс жасау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ОӘК ШЕШІМ ЕТЕДІ:

3. 2020-2021 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың ОСӨЖ өткізу кестесі бекітілсін.

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселе бойынша ОӘК ШЕШІМ ЕТЕДІ:

4.1 2020-2021 оқу жылында педагогикалық білімі жоқ тұлғаларды педагогикалық қайта даярлау үшін дайындалған 40 кредиттік (оқу мерзімі 6 ай) білім беру бағдарламалары Ғылыми кеңеске бекітілуге ұсынылсын.

4.2.1 Ж.А.Масалиеваның «Латын негізді сауат ашу және жазу» оқу құралы және «Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру» тақырыбындағы оқулығы ғылыми кеңеске қарауға ұсынылсын.

4.2.2 Университет профессор-оқытушыларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу құралдары және оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын.

Университет профессор-оқытушыларының баспадан шығаруға ұсынылған оқу, оқу-әдістемелік құралдарының тізімі:

1. Ж.А.Масалиеваның «Латын негізді сауат ашу және жазу» оқу құралы (120 бет), «Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру» (184 бет) тақырыбындағы оқулығы ғылыми Кеңеске ұсыну туралы ұсыныс келіп түсті.

«Латын негізді сауат ашу және жазу» оқу құралында қазақ жазуын жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің ғылыми-практикалық мәселелері, кешенді ғылыми зерттеу нәтижелері, терминологиялық қолданыстар, қазіргі қоғамдағы талқылануға ұсынылған жобаларға, ұлттық әліпби жобасын жасау тұжырымдарына жасалған лингвистикалық талдаулар ұсынылды. Емле ережесіне сай берілген тапсырмалар аясында білім алушылар кәсіби-ғылыми деңгейде қолдана алатындай білім дәрежесін игеруге бағытталады. Пікір бергендер: Медетбекова М.А. Шымкент қаласы Білім басқармасы «Шымкент қаласының Әдістемелік орталығы» КММ директоры, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы; ОҚМПУ: Оразбаева Э.Б.- филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы; Аяпова Б.А.- педагогика ғылымдарының магистрі.

«Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру» тақырыбындағы оқулық 2016 жылғы ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылға 30 маусымда бекітілген «Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде даярланды. «Білім» тобы мамандықтары бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сай инклюзивті білім берудің педагогикалық, психологиялық категориялары мен негізгі ұғымдарына қажетті барлық мәліметтерді қамтиды. Пікір бергендер: Кудайбергенова М.– «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ҰО» АҚ филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ, педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы; ОҚМПУ: Даркулова К.Н.– филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы; Тұрмаханова С.А.– педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы.

2. Мамыкова Р.У., З.Н.Кожамуратованың дайындаған «Өсімдіктер анатомиясы және морфологиясы» оқу құралы 7 тараудан тұрады, әр тараудан кейін өз бетінше бақылауға арналған сұрақтар берілген. Көлемі 188 бетті құрайды. Оқу құралының құжаттары талапқа сай дайындалған. Оқу құралға факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінен, кафедраның мәжілісінен көшірмелер дайындалған. Сыртқы, ішкі пікірлері бар. Пікір бергендер: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., доцент Исаев Е.Б. ОҚМПУ-дың «Биология» кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к., доцент Байсеитова Н.М. және б.ғ.к., доцент Жаппарбергенова Э.Б.

3. Мамыкова Р.У. «Физиология растений» оқу-әдістемелік құрал (160 бет). Пікір бергендер: Сихымбаев Ә.Е. – б.ғ.к., доцент «Silkway» Халықаралық университеті ; Н.М. Байсеитова б.ғ.к., доцент, ОҚМПУ-дың «Биология» кафедрасының меңгерушісі; Г.А. Утегенова – PhD, ОҚМПУ-дың «Биология» кафедрасының аға оқытушысы.

4. Р.Кадирбаеваның дайындаған «Математиканы оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану» атты оқу құралы 3 бөлімнен тұрады. Көлемі 16,25 б.т. құрайды. Оқу құралының құжаттары талапқа сай дайындалған. Пікір бергендер: ОҚМПУ-дың «Математика» кафедрасының доценті, п.ғ.д., Ибрагимов Р. және М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Математика» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Р.Бекмолдаева.

5. Ұ.Ж.Құдайбергенова және Г.К.Куланбаева дайындаған «Дизартрияны түзету әдістемесі» атты оқу құралы (88 бет). Пікір бергендер: ОҚМПУ-дың педагогика ғылымының кандидаты С.Ә.Тұрмаханова; М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың педагогика ғылымының кандидаты, доцент Б.Е.Қалыбеков және М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың педагогика ғылымының кандидаты, профессор А.Саипов.

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Хатшы

Айтбаева А.Е.